**DataRacer II**

**USB2.0/eSATA интерфейсімен сыртқы жинақтағыш (HDD)**

**Пайдаланушының басшылығы**

1.0 нұсқасы

**Мазмұны**

1. ЖҰМЫСТЫ БАСТАУ 錯誤! 尚未定義書籤。

1.1 ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ 3
1.2 ЖҮЙЕЛІК ТАЛАПТАР 3
1.3 ЖЕТКІЗУ ЖИНАҒЫ 錯誤! 尚未定義書籤。
1.4 ҚҰРЫЛҒЫҒА ШОЛУ ЖАСАУ 錯誤! 尚未定義書籤。4

2. НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАР 錯誤! 尚未定義書籤。

2.1 «PLUG & PLAY» ҚЫСҚА ҚОСЫЛУ ФУНКЦИЯСЫ 5
2.2 ДЕРЕКТЕРДІ ЖАЗУ ЖӘНЕ ОҚУ 7
2.3 ҚҰРЫЛҒЫНЫ АЖЫРАТУ 錯誤! 尚未定義書籤。

3. TURBO HDD USB БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚОСЫМШАНЫ ПАЙДАЛАНУ 9

3.1 ҚОСЫМШАНЫ ОРНАТУ 錯誤! 尚未定義書籤。
3.2 БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚОСЫМШАНЫ ОРНАТУ 錯誤! 尚未定義書籤。
3.3 ҚҰРЫЛҒЫНЫ ҚАУІПСІЗ АЖЫРАТУ 12
3.4 РЕТКЕ КЕЛТІРУ 錯誤! 尚未定義書籤。
3.5 БАСҚА ПАРАМЕТРЛЕР 錯誤! 尚未定義書籤。

4. ҚОСЫМША 錯誤! 尚未定義書籤。

4.1 ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР 15
4.2 ADD-ON CARD LIST ҚОСЫМШАСЫ 15
4.3 ТЕХНИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ЖӘНЕ КЕПІЛДІКТЕР 16
4.4 ЕСКЕРТУЛЕР 錯誤! 尚未定義書籤。
4.5 АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДЫ ТАНУ 錯誤! 尚未定義書籤。

# 1. Жұмысты бастау

Prestigio DataRacer II ақпараттарды сақтау үшін сыртқы жинақтаушыны сатып алғаныңызға алғыс айтамыз. Бұл құрылғы ыңғайлы интерфейсімен ақпараттарды сенімді сақтауға арналған портативтік құрылғылар саласындағы жаңа әзірлемелерді құрайды. Құрылғыны пайдаланғанға дейін пайдаланушының басшылығын мұқият оқып шығыңыз және құрылғының сенімді үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін барлық ұсынылған нұсқаулықтарды басшылыққа алыңыз.

## 1.1 Қауіпсіздік нұсқаулықтары

Prestigio DataRacer II құрылғысын пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі барлық нұсқаулықтарды басшылыққа алыңыз. Пайдалану жөніндегі басшылықта мазмұндалған барлық нұсқаулықтарды және алғы шарттарды сақтау осы құрылғының сенімді жұмысының қажетті шарттары болып табылады.

**Ескерту:**

**Бұл белгі ұсынылған нұсқаулықтарды назарға алмау немесе бұзу құрылғының бұзылу себебі болуы немесе өмірге немесе денсаулыққа қауіп төндіруі мүмкін.**

- Осы құрылғыны бөлшектеуге немесе құрылымына өзгерістер енгізуге болмайды.
- Құрылғының сумен немесе басқа да сұйықтықтармен жанасуына жол бермеңіз. Бұл құрылғы су өткізбейтін құрал болып саналмайды.
- Құрылғыға су немесе өзге сұйықтық түскен жағдайда оны жедел түрде компьютерден ажыратыңыз. Құрылғыны одан әрі пайдлану өртке немесе токпен зақымдануға әкеліп соқтыруы мүмкін. Сервис орталығының көмегіне жүгініңіз.
- Электр тогымен зақымдану қаупін болдырмау үшін құрылғыны ылғал қолмен ұстамаңыз.
- Құрылғыны жылу көздерінің жанына орналастыруға болмайды, оған жылу көздерінің немесе ашық оттың түсуін болдырмаңыз.
- Құрылғыны күшті электр магниттік өрістердің жанына орналстыруға болмайды. Бұл оның істен шығуына және деректердің жойылуына әкеліп соқтырады.

## 1.2 Жүйелік талаптар

Осы тарауда құрылғының қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін

компьютердің аппараттық және бағдарламалық құралдарына қойылатын төменгі талаптар берілген.

- Компьютер:
  IBM PC/AT үйлесімді дербес компьютер, Power Macintosh, PowerBook, iMAC немесе iBook
- Қамтамасыз етілетін операциялық жүйелер:
  IBM PC үйлесімді: Microsoft Windows 2000/XP/Vista
  Mac OS : Mac OS 9.x және 10.x немесе одан кейінгі нұсқасы (FAT32)
  Linux : Linux 2.6 немесе одан кейінгі нұсқасы (FAT32)
- Жады:
  Кем дегенде 32MB RAM
- USB Порты
- eSATA Порты (опциональды)
- Пайдаланушының құқығы:
  Әкімгер
- **Бос дискілік кеңістік – 32 MB кем емес**

## 1.3 Жеткізу жинағы

| Сипаттамасы | Мөлшері |
|---|---|
| Жинағыштың негізгі блогы Prestigio DataRacer II | 1 |
| USB кабелі 25cm | 1 |
| USB кабелі 60cm | 1 |
| eSATA кабелі 60cm | 1 |
| Стильдік тері қаптамасы | 1 |
| Пайдаланушының қысқаша басшылығы және сериялық нөмірімен сары жапсырма | 1 |

## 1.4 Құрылғыға шолу жасау




**Артына қарағандағы көрініс**







**Алдыңғы жағынан** **Бүйірінен қарағандағы**

## 2. Негізгі функциялар

### 2.1 «Plug & Play» қысқа қосылу фунциясы




## USB порты

**Windows** операциялық жүйесінде құрылғыны компьютердің USB портына қосылған кезде Менің компьютер папкасында **Prestigio DataRacer II** белгісі көрінеді (жоғарыдағы бейне көрсетілімді қараңыз).

**Macintosh** ОЖ құрылғыны USB портына жалғаға кезде диск белгісі жұмыс үстелінде бейнеленеді (“Desktop”). Құрылғыны пайдаланбас бұрын MAC үйлесімді файлдық жүйесін (FAT32 форматы ғана) ескеріп, оны форматтау қажет.

**Linux** ОЖ Сіз келесі амалдармен құрылғыны қолдана аласыз:

- dev/s* құрылғытуралы ақпаратты тексеріңіз, кіру тәртібі туралы ақпаратты жазып алыңыз.
- директорияны құрыңыз /media (ex: mkdir/media/prestigio)
- сосын sudo mount–t ntfs-3g/dev/sdb1/media/prestigio–o force командасын орындаңыз (егер кіру тәртібі /dev/sdb1 болып табылады)

## eSATA порты (Windows ОЖ үшін ғана)

1. Қорек көзін қосқыш құрылғыны компьютерге жалғағанға дейін **СӨНДІРУ** (**OFF**) қалпына екендігіне көз жеткізіп алыңыз. eSATA кабелн тиісті eSATA портына жалғаңыз және USB кабелін тиісті USB портына жалғаңыз. Құрылғыны қоректендіреді eSATA режиміндегі USB кабелінің көмегімен жүзеге асырылады.
2. Құрылғыны қосу үшін қоректендіру қосқышын ҚОСУ (**ON**) қалпына келтіріңіз. Жұрыс қосылған жағдайда Prestigio DATARACER II құрылғының

пиктограммасы файлдар диспетчерінің терезесінде пайда болады.

**Назар салыңыз:**

- eSATA үйлесімділігі компьютердің аппараттық құралдарының конфигурациясына және операциялық жүйеге байланысты болады. eSATA кейбір бақылаушылары жаңа құрылғыны анықтау үшін жүйені қайта қосуды талап етеді.
- **Бұл құрылғы eSATA қосылысының деректерді таратудың артықшылықты режимі екендігі ескеріліп құрылған.** Екі қосылыс қосылған жағдайда - eSATA және USB, eSATA қосылысы деректерді автоматты тарату көздері, ал USB қосылысы – қорек көзі болып табылады.
- **Сенімді және тұрақты қоректендіру үшін «Y» түрдегі USB кабелін қолданған дұрыс.** Кабельдің екі ұшын тиісті USB қосқышына жалғаңыз. USB-концентраторларын қолданбаған дұрыс, себебі мұндай қосылыс құрылғының жеткілікті қоректенуін қамтамасыз ете алмайды.

## 2.2 Деректерді жазу және оқу

Бұл құрылғыны ақпараттарды жазуға және сақтауға қолдана аласыз. Осыған байланысты жұмыс істеу механизмі (ақпараттарды оқу/жазу операциялары) Сіздің компьютеріңіздің қатқыл дискідегі жұмыстарға ұқсас.

## 2.3 Құрылғыны ажырату

Windows XP ОЖ және Vista жұмыс істеген кезде деректердің жоғалу ықтималдығын жою үшін әрдайым құрылғыны қауіпсіз алу процедурасын басшылыққа алыңыз:

- ◆ Құрылғыны қауіпсіз алу пиктограммасы экранның оң жақ төменгі бұрышта орналасқан.




- ◆ Осы пиктограмма тінтуірдің сол жақ басқышымен басыңыз, экранда «Құрылғыны қауіпсіз алу» (“Unplug or Eject Hardware”) терезесі ашылады.
- ◆ Алғыңыз келетін құрылғыны таңдаңыз. Тоқтату [Stop] басқышын басыңыз. Осыдан кейін құрылғыны USB портынан қауіпсіз ажырата аласыз.




**Ескерту:**

**Құрылғыны алар кезде оның индикаторының жанбай тұрғандығына көз жеткізіп алыңыз. Егер индикатор жанып тұрса, құрылғы компьютерге/компьютерден деректерді қабылдау/тарату функцияларын орындауда дегенді білдіреді. Бұл жағдайда құрылғыны сөндіруге болмайды, себебі деректер жоғалуы немесе Prestigio DataRacer II құрылғысы бұзылуы мүмкін.**

**Ескерту:**

**Windows, Windows XP және Windows Vista ОЖ құрылғыны қауіпсіз алу процедурасын орындамаған жағдайда дискідегі деректер жоғалуы мүмкін.**

Macintosh ОЖ орындаған кезде алмалы дискінің пиктограммасын кәрзеңкеге тасымалдап салуға болады. Бұл процедура құрылғыны ажыратудың функционалды баламасы (“Eject”) болып табылады.

Linux Ож қолданған кезде құрылғыны ажыратуға арналған (“demount”) ажырату

операциясын қолдану қажет.

## 3. Turbo HDD USB бағдарламалық қосымшаны пайдалану

### 3.1 Қосымшаны орнату

**Ескерту:**

- **TurboHDD USB Software (Windows 2000/XP ОЖ) бағдарламасын орнатқанға дейін әкімгердің құқығымен жүйеге кіріңіз.**
- **TurboHDD USB Software бағдарламасын орнатқанға дейін осы бағдарламаның орнату файлдарын қоса алғанда, барлық маңызды деректердің көшірмесін жасаңыз. Бағдарлама деректері бұзылған немесе жоғалған жағдайда бағдарламаны көшіріп алу үшін [http://www.prestigio.com/product/downloads](http://www.prestigio.com/product/downloads) сайтына кіріңіз.**




1. Жинақтағышты USB кабелінің көмегімен компьютерге қосыңыз.
2. Экранда автоматты түрде автоматты іске қосу терезесі пайда болады. Орнатуды бастау үшін **FNet Turbo HDD USB** бағдарламасын іске қосуды таңдап алыңыз.
3. **User Account Control** диалогты терезесін шақыру үшін тінтуірмен жабық тұрған терезесіндегі мәселелер панеліне басыңыз.

### Назар салыңыз:

- Егер Windows Vista операциялық жүйе орнатылмаса, онда дереу 5-қадамға ауысыңыз.




4. **User Account Control** диалогты терезедегі Рұқсат (**Allow**) басқышын басыңыз.




5. Пайдаланушының қысқаша басшылығының соңғы бетінде берілген сериялық нөмірді енгізіңіз.
6. Орнатуды бастау үшін Орнату (**Install**) басқышын басыңыз. Алдыңғы бетке қайту үшін (**Back**) басқышын басыңыз немесе орнатуды тоқтату үшін (**Cancel**) басқышын басыңыз.




7. Бағдарламаны сәтті орнатқаннан кейін DataRacer II құрылғыны ажыратып, оны қайтадан компьютерге жалғаңыз.




8. Сәтті орнатып, белсендендіргеннен кейін TurboHDD бағдарламалық қосымша экранда автоматты түрде пайда болады.

## 3.2 Бағдарламалық қосымшаны пайдалану







1. Бағдарламаны іске қосу үшін жұмыс үстеліндегі “TurboHDD USB” жазбаны басыңыз немесе Іске қосу (Start) → Барлық бағдарламалар (Program Files) → “TurboHDD USB” → “TurboHDD USB” мәзіріне кіріңіз.
2. Бағдарламаның негізгі мәзіріне кіргеннен кейін экранда сыртқы жинағыш туралы ақпарат бейнеленеді. Бағдарламалық қосымша **Turbo** режимінде өздігінен жұмыс істейді.
3. Экрандағы сыртқы жинағыштың пиктограммасына басу арқылы **Turbo** (Турбо) және **Normal** (Қалыпты) режимдерін қосуға болады.

- **Turbo режимі**: бағдарламалық қосымша деректердің таратылу жылдамдығы мен тиімділігін жеделдетеді.
- **Normal режимі**: деректерді тарату жылдамдығы өзгермейді.

## 3.3 Безопасное отключение устройства




1. Құрылғыны компьютерден қауіпсіз ажырату үшін **USB** кабелінің пиктограммасына басыңыз.




2. Ажыратуды растау үшін Иә (**Yes**) немесе ажыратпайтын болсаңыз Жоқ (**No**) басқышын басыңыз.




3. Құрылғыны сәтті ажыратқаннан кейін экранда ажыратылған кабельдің көрінісі көрінеді. Бұл жағдайда кабельді ажыратуыңызға болады.
4. Бағдарламаны қайта іске қосу үшін жинағышты қайтадан компьютерге қосыңыз.

## 3.4 Ретке келтіру




1. Бағдарламаның оң жоғарғы бұрышындағы ретке келтіру пиктограммасын басыңыз.




2. Мәзірден тілді таңдап алыңыз.

## 3.5 Басқа параметрлер




- Осы бағдарламалық қосымша 2 USB HDD-жинағыштарды қамтамасыз етеді, олардың жұмысын жеделдетеді. Жинағыштарды қосу құрылғылар пиктограммасын басу арқылы жүзеге асырылады.




- Бағдарламалық қамтамасыз ету туралы ақпарат алу үшін пиктограмманы басыңыз.




- Анықтаманы шақыру үшін сұрау белгісінің (?) пиктограммасын басыңыз.




- Құрылғының базалық функцияларына кіру үшін экранның оң жақ төменгі бұрышындағы TurboHDD құрылғысының пиктограммасын басыңыз.

# 4. Қосымша

## 4.1 Техникалық сипаттамалар

| | |
|---|---|
| **Сипаттамасы** | Prestigio DataRacer II жинақтағыш USB2.0/eSATA (External HDD Enclosure) |
| **Интерфейс** | ● USB2.0 Interface (Max 480mbps)<br>● eSATA Interface (Max 3.0Gbps) |
| **Жинақтағыш түрі (HDD)** | 2.5” 7200RPM OR 5400RPM HDD |
| **сыйымдылығы** | 320/500GB+ |
| **Қорек көзі** | USB порты арқылы тікелей |
| **Бағдарламалық қамтамасыз ету** | TurboHDD USB Software |

## 4.2 Add-on Card List қосымшасы

| Нөмірі | Core IC Type | Card Type | Core Function | Platform | Testing OS |
|---|---|---|---|---|---|
| Card-SATA-01 | JMicron JMB360 A stepping | PCIE X 1 | SATA | MB-05 | WinXP SP3 |
| Card-SATA-02 | Promise PDC20771 (RAID SATA II 300) | PCI | SATA | MB-05 | WinXP SP3 |
| Card-SATA-03 | Initio INIC-1622TA2 | PCI | SATA | MB-05 | WinXP SP3 |
| Card-SATA-05 | Initio INIC-1622TA2 | PCI | SATA | MB-05 | WinXP SP3 |
| Card-SATA-06 | Silicon Image Sil3112ACT144 | PCI | SATA | MB-05 | WinXP SP3 |
| Card-SATA-07 | Silicon Image Sil3512ECTU128 | PCI | SATA | MB-05 | WinXP SP3 |

| Нөмірі | Core IC Type | Card Type | Core Function | Platform | Testing OS |
|---|---|---|---|---|---|
| Card-SATA-09 | Silicon Image Sil3124ACBHU | PCI(64 bit) | SATA | MB-05 | WinXP SP3 |
| Card-SATA-10 | Silicon Image Sil3132CNU | PCIE X 1 | SATA | MB-05 | WinXP SP3 |
| Card-SATA-11 | JMicron JMB363 C stepping | PCIE X 1 | SATA | MB-05 | WinXP SP3 |

## 4.3 Техникалық қолдау және кепілдіктер

Техникалық қолдау алу және кепілдікті міндеттемелер туралы толық ақпарат алу үшін www.prestigio.com сайтына кіруге болады.

## 4.4 Ескертулер

Осы нұсқаулықта мазмұндалған ақпараттар құрылғының топтамасына кіретін ақпараттармен сәйкес келеді; өндіруші немесе сатушы орын алуы мүмкін дәлсіздіктерге немесе қателерге жауап бермейді. Prestigio компаниясы алдын ала хабарлаусыз осы құрылғыға өзгерістер енгізуге құқылы

## 4.5 Авторлық құқықтарды тану

- IBM - International Business Machines Corporation компаниясының тіркелген сауда маркасы болып табылады.
- iBook және iMac - Apple Computer, Inc компаниясының тіркелген сауда маркасы болып табылады.
- Macintosh, PowerBook, Power Macintosh - Apple Computer, Inc компаниясының тіркелген сауда маркасы болып табылады.
- Microsoft Windows XP, Windows Vista - Microsoft Corporation (құқықтары АҚШ және басқа елдердің аумағында қорғалған) компаниясының тіркелген сауда маркасы болып табылады.

Осы басшылықта мазмұндалған барлық басқа атаулар және сауда маркалары олардың иелерінің тіркелген сауда маркалары болып табылады.